

**ҰЛЫМ –  
АСПАНДАҒЫ  
ЖҰЛДЫЗЫМ**

**25 БЕТ**

# ЖАҢА СӨЗДЕРМЕН ТАНЫС

- Мүшел жас - старинное исчисление возраста человека по двенадцатилетнему циклу; *(первый цикл заканчивается тринадцатилетним возрастом — 13, 25, 37, 49, 61, 73, 85, 97 лет)*
- Жеткіншек - молодое поколение; подрастающее поколение
- Абыройлы – авторитетный
- Перзент – дитя, ребенок сын /халықтың ұлы перзенті → великий сын народа/
- Алғыр – способный, находчивый
- Сегіз қырлы, бір сырлы - мастер на все руки; разносторонний человек
- Саналы – сознательный
- ағасы бардың жағасы бар інісі бардың тынысы бар - у кого есть старший брат, у того опора, у кого младший брат, у того подмога

# МӘТІНДІ ОҚЫ.

Қазақ халқы адамның жасын мүшелмен есептеген. Бірінші мүшелге толған жеткіншекке үлкен сенім артқан.

Қазақ халқы ұл балаға ертеңгі абыройлы әке, елін қорғайтын батыр, ұлтының қамын ойлайтын еңбексүйгіш перзент ретінде тәлім-тәрбие берген. Ұл баланы өте әділ, қайсар, өнерлі, білімді, алғыр азамат етіп тәрбиелеген.

Қазақта ұл шаңырақ иесі саналады. Қазақ отбасында жасы кішісі үлкеніне «сен» деп сөйлемеген. «Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, Ана тұрып, қыз сөйлегеннен без», — деп, ата-ананы ардақтауға, имандылыққа үйреткен.

«Әке көрген оқ жонар...», — деп, әкелер білетін өнерін ұлдарына үйреткен. Оларды мерген, аңшы, яғни сегіз қырлы, бір сыр-

лы жігіт етіп тәрбиелеген. «Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар», — деп өнерлі болуға, «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «Ерлік білекте емес, жүректе», — деп **қайратты, саналы** жігіт боп өсуіне мән берген. «Ақыл — жастан, асыл — тас-тан», — деп, өзіне ерекше сенімді болуды үйреткен.

Дүниеге ұл келсе: «Шаңырақ иесі туды!» — деп той жасаған. Отбасындағы ер баланың өз орны бар. Мысалы, тунғыш ұл кейінгі іні-қарындастарының қамқоршысы, ата-анасының көмекшісі, оны «Ағасы бардың жағасы бар» деп құрметтеген. Кенже ұлды «шаңырақ иесі» деп қадірлеген. Кенже ұл әкешешенің қолында қалып, оларды баққан.

«Ана тілі» газетінен

# ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДА.

- 1. Мәтіннен шығарылған қорытындыны айт
- 2. Асты сызылған сөзге сұрақ қой
- 3. Мәтінде ұл қандай болу керек?
- 4. Мәтіннен мақал-мәтілдерді теріп жаз
- 5. мәтіндегі асты сызылған/сары/ сөздердің антонимін жаз